

ӘОЖ 338.43
ҒТАХР 65.01

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА АЗЫҚ-ТҮЛІК
ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУ**

**ОЦЕНКА ТЕКУЩЕГО СОСТОЯНИЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННОЙ
БЕЗОПАСНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН**

**EVALUATION OF THE CURRENT STATUS OF FOOD SECURITY IN THE
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

А.Т. МЫЛТЫКБАЕВА, А.Б. ТҮЛЕУ
A.T. MYLTYKBAEVA, A.B. TULEU

(Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.)
(Казакский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы)
(al-Farabi Kazakh National university, Almaty) E-mail:
aidana_tuleu_2010@mail.ru

Мақалада азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйіне мониторинг жасаудың негізгі көрсеткіштері анықталып, еліміздегі азық-түлік жағдайына талдау мен бағалау жасалған. Халықтың жан басына шаққанда азық-түлік өнімдерін өндіру соңғы бес жылда өскені, халықтың жан басына шаққанда негізгі тамақ өнімдерінің кейбір түрлері бойынша тұтынуы минималды нормаларға жетпейтіндігі көрсетілді. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу түрлері бойынша Қазақстанның импортқа тәуелділігі бар екені және азық-түлік қауіпсіздігінің бәсекеге қабілеттілігі жөнінен әлем елдерінен артта келе жатқандығы дәлелденген. Ауыл шаруашылығы саласында орын алған бірқатар мәселелер анықталып, оларды шешудің жолдары ұсынылды.

В статье определены основные показатели мониторинга состояния продовольственной безопасности. Проведены расчеты, анализ и оценка показателей продовольственной независимости страны. В ходе исследования было доказано, что производство продовольствия за последние пять лет в расчете на душу населения имеет позитивную тенденцию, но потребление основных пищевых продуктов не достигает минимальных норм. А также выявлено, что Казахстан сохраняет зависимость от импорта в обрабатывающей промышленности сельского хозяйства и конкурентоспособность пищевых продуктов отстает от развитых стран. Был определен ряд вопросов в области сельского хозяйства и представлены пути их решения.

The article defines the main indicators of monitoring the state of food security. Calculations, analysis and assessment of the indices of the country's food independence were carried out. The study proved that food production over the past five years per capita has a positive trend, but consumption of basic foods does not reach minimum standards. And it was also revealed that Kazakhstan remains dependent on imports in the manufacturing industry of agriculture and the competitiveness of food products lags behind the developed countries. A number of issues in the field of agriculture were identified and ways of their solution were presented.

Негізгі сөздер: азық-түлік қауіпсіздігі, көрсеткіш, өндіру, тұтыну, импорт.

Ключевые слова: продовольственная безопасность, показатель, производство, потребление, импорт.

Keywords: food security, indicator, production, consumption, import.

Кіріспе

Біріккен Ұлттар Ұйымының азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының (ФАО) баяндамасына сәйкес, әлем алдында тұрған ең күрделі міндеттердің бірі, болжам бойынша, 2050 жылға қарай шамамен 10 миллиардқа жететін ғаламшардың өсіп келе жатқан халқын тамаққа деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткілікті азық-түлікпен қамтамасыз ету. 2050 жылы тағы екі миллиард адамды тамақтандыру үшін әлемдегі азық-түлік өндірісі 50 пайызға өсуі қажет. Соңғы онжылдық ішінде тұрақты азаюдан кейін әлемдегі аш халықтың үлесі қайтадан өсіп, әлем халқының 11 пайызын құрайды. Ұдайы аштықтан зардап шегетін адамдардың көбеюімен қатар, әлемде жеткілікті тамақтанбайтын адамдар саны 2015 жылғы 777 миллион адаммен салыстырғанда 815 миллион адамға дейін артты [1].

Қазіргі таңда адамзаттың азық-түлікпен қамтамасыз етілуі оның өмір сүруінің кепілі ғана емес, елдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықтың және ұлттық қауіпсіздігінің негізгі факторы болып табылады. Қазақстанның азық-түлік нарығының жағдайы сыртқы нарыққа тәуелділіктің шекті деңгейімен сипатталады. Отандық өндіріс халық тұтынуының тек аз ғана бөлігін қамтамасыз етеді. Ал қазіргі азық-түлік қауіпсіздігінің жаһандық жағдайы адамзат өміріне күрделі қауіп төндіріп, жер шары тұрғындарының саны өскен сайын халықты азықпен қамтамасыз ету мәселесі күрделеніп отырған жағдайда, ДСҰ-ға мүше болған Қазақстанда да өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері аз емес.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев 2018 жылғы Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауында былай деді: «Аграрлық саясат еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға және өңделген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталуы керек. Шикізатты қайта өңдеуді қамтамасыз етіп, әлемдік нарықтарға жоғары сапалы дайын өніммен шығуымыз қажет. Бұл мәселені шешуге барлық аграрлық кешеннің түбегейлі бет бұруы маңызды» [2].

Азық-түлік қауіпсіздігі – бұл барлық адамдардың тұрақты негізде белсенді және салауатты өмір салтын ұстау үшін тамақтануда олардың қалаулары мен қажеттіліктерін қанағаттандыратын жеткілікті, қауіпсіз және нәрлі азық-түлікке физикалық, әлеуметтік жә-

не экономикалық қолжетімділігі бар экономикалық жағдай болып табылады.

Азық-түлік қауіпсіздігін бағалау мақсатында, ФАО бойынша көрсеткіштер жүйесінің төрт бағыты қалыптасқан:

- Азық-түліктің бар болу өлшемі (өндіру көлемі, өтімділік, қор деңгейі, жоғалтулар деңгейі және т.б.);

- Азық-түліктің қолжетімділігі (халық табысына сәйкес азық-түлікті қажетті деңгейде сатып алудың экономикалық мүмкіндігі, темір жол тығыздығын, жолдардың жалпы ұзындығындағы қатты жабыны бар жол үлесін бағалау арқылы азық-түлікті жеткізу мүмкіндігін анықтау);

- Азық-түлікпен қамтамасыз етудің тұрақтылығы (азық-түлік бағасының өзгеруі және т.б. жағдайларға қарамастан азық-түліктің жеткіліктілігі; әлемде азық-түліктің мүмкін болатын жеткіліксіздігіне байланысты әр түрлі әлеуметтік жанжалдар мен табиғи апаттар кездеседі);

- Азық-түлікті тұтыну (нақты тұтыну деңгейі мен тағамдық құндылық нормаларына (калория, ақуыз, микроэлементтер және т.б.) сәйкестігі бойынша анықталады)[3].

Зерттеу нысаны мен әдістері

Жұмыстың зерттеу нысаны болып Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы секторы табылады. Зерттеу әдістері ретінде салыстырмалы талдау, экономикалық-статистикалық талдау әдістері таңдалған.

Нәтижелері және оларды талқылау

2016 жылы жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) көлемі 46971,2 млрд тг болды. ЖІӨ-гі ауыл шаруашылығының үлесі 7,8% құрады. Норматив бойынша 10 пайыздан кем болмауы қажет. Нормативтен ауытқу -2,2% [4].

Халықтың жан басына шаққандағы азық-түлік өнімдерін өндіру көлемін қарастыратын болсақ. 2016 жылы ет өндірісі 2012 жылға қатысты 6% ғана өссе, жұмыртқа өндірісі 22% жоғарылаған. Қарастырылып отырған аралықта сүт өндірісінің артуы байқалады, 2012 жылмен салыстырғанда өндіріс 2016 жылы 4% артты. Елдің азық-түлік қауіпсіздігін бағалаудың сандық көрсеткішінің бірі - халықтың жан басына шаққанда 1 тоннадан кем емес астық өндіру. Бұған 2013, 2015 және 2016 жылдары қол жеткізілді, сәйкесінше 1060 кг, 1072 кг және 1168 кг. Ауыл шаруашылығы климатқа тәуелді сала болғандықтан, мұндай тұрақсыздық орын алды. Осы жылдары көкөніс өнімдерін тұтынуға оң тенден-

ция байқалады. 2016 жылы 2012 жылмен салыстырғанда халықтың жан басына шаққандағы картопты тұтынуы 7%, бақша дақылда-

рын 18%, жемістер мен жаңғақтарды тұтынуы 25% артқанын көреміз (кесте 1).

Кесте 1 – ҚР-да 2012-2016 жылдар аралығында халықтың жан басына шаққандағы азық-түлік өнімдерін өндіру, кг

Көрсеткіштер	Жылдар					
	2012	2013	2014	2015	2016	2016 ж. 2012 ж. қатысты %
Астық	776	1060	993	1072	1168	150
Ет (сойыс салмағында)	51	52	52	53	54	105
Сүт	291	292	295	298	302	103
Жұмыртқа, дана	220	230	250	272	269	122
Көкөніс	184	192	202	205	215	116
Картоп	188	198	199	202	201	107
Бақша дақылдары	99	101	112	120	117	118
Жемістер мен жаңғақтар	12	13	14	11	15	125

Ескерту: [4] әдебиет негізінде автор құрастырған

Елдің азық-түлік қауіпсіздігін сипаттайтын көрсеткіштердің бірі – азық-түліктің физикалық қолжетімділігімен сипатталады. Азық-түліктің физикалық қолжетімділігінің деңгейін бағалау халықтың азық-түлік өнімдерін тұтыну көлемін азық-түлікті тұтынудың белгіленген стандарттары көлемімен салыстыру арқылы жүзеге асырылады. Қазақстанда халықтың жан басына шаққанда негізгі тамақ өнімдерін тұтынуы қарастырылып отырған аралықта жылдар бойынша да, тағам түрлері бойынша да айтарлықтай вариация бар.

2-кестеде көрсетілгендей, 2012-2016 жылдары негізгі тамақ өнімдерін тұтынуда өсім байқалып тұр, бірақ көбі нормативке сай емес. 2016 жылы халықтың жан басына шаққанда бидай нанын тұтыну 56,2 кг құрады (нормативтік деңгейден 14,2 кг немесе 33,8%

артық), бидай ұны – 24,7 кг (15,7 кг немесе 2,5 есе нормативтік деңгейден артық), күріш – 15,4 кг (7 кг немесе 83% нормативтен артық), макарон өнімдері – 23,7 (21,3 кг немесе 9 есе нормативтен артық), картоп – 48,6 кг (46,4 кг немесе 49% нормативтен кем), көкөністер – 89,3 кг (59,7 кг немесе 38,4% нормативтен кем), жемістер және жидектер, бақша өнімдерін қоса – 61,4 кг (70,6 кг немесе 53,5% нормативтен кем), ет және етке есептелген ет өнімдері – 57,4 кг (21 кг немесе 27% нормативтен кем), қаймағы алынбаған сүт – 45,5 л (0,5 л немесе 1% нормативтен артық), қант – 20,7 кг (3,7 кг немесе 19% нормативтен артық), жұмыртқа – 164,7 дана (100 дана немесе 38% нормативтен артық), шай – 2,4 кг (1,3 кг немесе 2,2 есе нормативтен артық).


Кесте 2 – ҚР-да 2012-2016 жылдар аралығында халықтың жан басына шаққанда негізгі тамақ өнімдерін тұтынуы (бір жылда, кг)

Көрсеткіштер	Тұтынудың физиологиялық нормасы	Фактілік тұтыну, жылдар					Физ-қ нормаға %-бен
		2012	2013	2014	2015	2016	
Бидай наны	42	53,9	53,1	52,6	55,0	56,2	133,8
Бидай ұны	9	22,6	22,6	23,3	24,0	24,7	274,4
Күріш	8,4	15,1	15,2	15,5	15,7	15,4	183,3
Макарон өнімдері	2,4	23,5	24,0	24,4	24,2	23,7	9,9 есе
Картоп	95	48,7	48,7	48,5	48,5	48,6	51,1
Көкөністер	149	86,3	87,8	86,6	90,2	89,3	59,9
Жеміс-жидектер, бақша өнімдерін қоса	132	59,4	60,8	60,8	64,4	61,4	46,5
Ет және етке есептелген ет өнімдері	78,4	53,7	55,9	56,6	59	57,4	73,2
Қаймағы алынбаған сүт, л	45	46,9	45,7	46,3	46,2	45,5	101,1

Қант	17	22,3	20,7	20,9	20,9	20,7	121,7
Жұмыртқа, дана	265	155,8	158,1	157,7	164,0	164,7	62
Шай	1,1	2,3	2,3	2,3	2,4	2,4	2 есе
Ескерту: [4] әдебиет негізінде автор құрастырған							

Осылайша, берілген аса маңызды азық-түлік өнімдерінің 12 түрінің бесеуінде тұтыну нормативке жетпейді, бұл елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде мәселелердің бар екендігін дәлелдейді. Бидай ұнын, макарон және шай өнімдерін тұтыну көлемі тым жоғары.

Елдің азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етілуін бағалау критерийі бойынша жалпы тұтынушылық көлемге қатысты отандық азық-түлік өнімдерінің үлесі 80-85% болуы тиіс. Азық-түлік нарығындағы отандық өндірістің үлесі 60-80% аралығында болса, азық-түлік қауіпсіздігінің деңгейі жеткіліксіз болып саналады.



Сурет 1 Ішкі тұтытудағы негізгі азық-түлік тауарлары импортының үлесі, %
Ескерту: [4] әдебиет негізінде автор құрастырған

1-суреттен көріп тұрғанымыздай, Қазақстанда ауыл шаруашылығы қайта өңдеу өнімдерінің көптеген түрлері бойынша импортқа тәуелділігі қалыптасты, жеміс-көкөніс өнімдері, шай, күнбағыс майы, қант, сүт өнімдері бойынша импортқа тәуелділік бар. Ұнның ішкі нарығы ғана түгелдей дерлік отандық өндіріс арқылы қамтамасыз етіліп отыр.

Бұл жерде 2012 жылдан бастап жасалып жатқан Du Pont компаниясының қаржылық қолдауымен Economist Intelligence Unit компаниясы әзірлеген жаһандық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің индексіне назар аударатын болсақ. Индекстің рейтингісі 0-ден 100-ге дейінгі шкала болып табылады, мұнда 100 - толық қауіпсіздік. 2016 жылы алдыңғы орындарда Ирландия-85,6, АҚШ-84,6, Сингапур-84. Ресей-66,2 (41 орын), Беларусь-63 (46 орын), Әзірбайжан – 57,8 (57 орын), Қазақстан – 56 (60 орында) [5].

Қорытынды

ҚР азық-түлік қауіпсіздігінің қазіргі жағдайын талдау нәтижесінде мынадай тұжырымдар жасалды: біріншіден, халықтың жан басына шаққанда азық-түлік өнімдерін өндіру соңғы бес жылда өскен, алайда, халықтың жан басына шаққанда негізгі тамақ өнімдерінің кейбір түрлері бойынша тұтынуы минималды нормаларға жетпейді; екіншіден, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу түрлері бойынша Қазақстанның импортқа тәуелділігі сақталып отыр; үшіншіден, азық-түлік қауіпсіздігінің бәсекеге қабілеттілігі жөнінен әлем елдерінен едәуір артта.

Аталған мәселелерді шешу үшін келесідей ұсыныстар жасауға болады:

- Өнімнің өңдеу сапасын жақсартып, тауарларды сақтау, тасымалдау және өткізу жүйесіне инновацияларды енгізу қажет.

- Шағын қожалықтардың кооперацияға бірігуін ынталандыру. Мүмкіндігі зор кәсіпорындарда ғана инновациялық технологиялар мен ғылыми жобалардың нәтижелерін енгізуге және жаңа форматтағы мамандарды сонда жұмысқа орналастыруға болады.

- Мемлекет тарапынан ауыл шаруашылығын заңдық тұрғыдан бекітілген экономикалық және саяси қолдауын жүзеге асыру. Мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігінде ауыл шаруашылығын қолдау көлемін 10% дейін жеткізу. Мемлекеттік қолдау тиімділігін арттыру мақсатында субсидиялау жүйесін жетілдіру қажет.

- Аграрлық ғылыми зерттеулерге салынатын инвестиция көлемін арттыру керек.

- Су және жерді пайдалану тиімділігін арттыру.

- Ауыл тұрғындарына несие беру және оларға сервистік қызмет көрсету, сондай-ақ қаржылық құралдардың қолжетімділігін қамтамасыз ету және өнімдерді арзан бағамен жеткізу мақсатында баға реттеу тетіктерін жетілдіру.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымының «Әлемде азық-түлік қауіпсіздігі мен тамақтанудың жағдайы» атты баяндамасы 2017 жыл – <http://faostat.fao.org>. БҰҰ-ның азық-түлік және

ауыл шаруашылық ұйымының ресми сайты [Электронды ресурс]. Қол жеткізу тәртіптемесі – <http://www.fao.org/state-of-food-security-nutrition/ru/> (айналым мерзімі: 11.02.2018)

2. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» 2018 жылғы 10 қаңтар – <http://www.akorda.kz//Қазақстан> Республикасы Президентінің ресми сайты [Электронды ресурс]. Қол жеткізу тәртіптемесі – http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyn-kazakistan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar (айналым мерзімі: 10.02.2018)

3. Смагулова Г.С., Танкиева А.К. Қазақстан аймақтарындағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуді шешу жолдары//Вестник КазЭУ. – 2017. -№2 – 7 б.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты [Электронды ресурс] – <http://www.stat.gov.kz>. Қол жеткізу тәртіптемесі – http://stat.gov.kz/faces/publicationsPage/publicationsPublications/publicationsCompilations?_afLoop=2956789988081577#%40%3F_afLoop%3D2956789988081577%26_adf.ctrl-state%3Dr1ddg2bgq_4 (айналым мерзімі: 09.02.2018)

5. The Global Food Security Index – <http://foodsecurityindex.eiu.com> Ресми сайты [Электронды ресурс]. Қол жеткізу тәртіптемесі – <http://foodsecurityindex.eiu.com/Index> (айналым мерзімі: 11.02.2018).